

Кокшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

4 - 9 қазан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

Апталық жоспарға сәйкес 4-9 қазан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарларын тексеріліп, ұсынымдар айтылды:
 - 1) оқу мақсатын сабақ мақсатына көшірмеу (сабақ мақсаты оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесін болжайды);
 - 2) сабақ мақсатында саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қою (барлық оқушылар, оқушылардың басым бөлігі, кейбір оқушылар);
 - 3) оқушылардың әрекеттерін Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгілеу.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың оқытылуын бақыланып, білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарының пайдалануы назарға алынды.
5. 11- сынып оқушылары қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша Bilimland компаниясының Itest қосымшасы арқылы сынама-тестін тапсырды.
6. 7-9 сыныптарда мектепшілік бақылау жұмыстары алынып, бақылау қорытындылары бойынша пән мұғалімдеріне оқушылармен қатемен жұмыс жүргізу, өткен тақырыптарды қайталау ұсынылды. Төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер мектепшілік бақылауға алынды.
7. Тарих пәнінің мұғалімдері Әдей Ж., Алпыспаева С.А. 11 қазан өтетін «Менің кіші Отаным» облыстық конкурсына қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізді (тестке дайындалу, макет дайындау, сойлеу мәнері).

8. Математика, физика, химия, биология пәндері мұғалімдері Президенттік олимпиадаға қатысатын 11-сынып оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізді (олимпиадалық тапсырмалар, оқу материалдарын қайталау, деңгейлік тапсырмалар).

9. Тарих пәнінің мұғалімі Әдей Ж. 11 «Б» сыныбының оқушысы Айдын Лашынмен «Ясуитану» республикалық конкурсына дайындық жұмысын жүргізді. Оқушыға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілді.

10. «Олимпиадалық резерв» мектебі жұмысы бойынша мектеп директоры Д. Искакова оқушылармен кездесу өткізді. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы бойынша пән мұғалімдері оқушыларға қосымша оқу материалдарын ұсынып, тапсырмалар берді, дайындық оқу ісінің орынбасары Ш.Оспанова мен бейінді оқыту орынбасары С.Қусанова тарапынан қадағаланып, бақылауға алынды.

11. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері «Ақберен» облыстық өнер байқауына дайындық жұмыстары жүргізді.

12. 9 қазан күні «Жалын» шығармашылық тобының жас мамандары Д. Какимжанова және А. Мұратбектің ұйымдастыруымен 9-10-сынып оқушылары арасында «Қазақ әнінің құдіреті» атты әуезді сайыс өткізілді.

Оқу ісінің орынбасары Ш.Оспанова